

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КеАҚ «Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
NJSC «L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ:
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

**МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
DEDICATED TO THE DAY OF THE NATIONAL CURRENCY
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**



13 ҚАРАША, 2024 АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ВАЛЮТАСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ
ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

**Қазақстан Республиканың ұлттық валюта күніне арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

13 қараша 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
посвященной дню Национальной валюты Республики Казахстан
13 ноября 2024 год**

COLLECTION OF MATERIALS

**International scientific and practical conference,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan
November 13, 2024**

ASTANA, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» = International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» - Астана: – 688 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-82-2

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне арналған "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер өткізген өзекті және проблемалық мәселелер бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, посвященный дню национальной валюты Республики Казахстан на тему «НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials from the international scientific and practical conference dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan on the topic "NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES" presents the results of the author's research on current and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master's students and students. The publication is intended for students, master's students, doctoral students, as well as for a wide range of readers involved in current issues of modern science.

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

ISBN978-601-7697-82-2

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

Рецензенттер:

Алина Г.Б. - ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, Esil University мекемесінің «Бизнес және басқару» факультетінің деканы

Мажитов Д.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ профессоры

Редакциялық алқа:

Жағыпарова А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің деканы, Астана қ.

Мақыш С.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Esil университетінің бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесінің төрағасы, Астана қ.

Бұлақбай Ж.М. – экономика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ.

Майдырова А.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ

Сембиева Л.М. – экономика ғылымның докторы, профессор, ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Аманова Г.Д. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Муталиева Л.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Мухияева Д.М. –Phd докторы қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

ISBN 978-601-7697-82-2

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024. – 699

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» . – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024. – 699

Works of the International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» . – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024. – 699

ISBN 978-601-7697-82-2

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024
© НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024

РАДИКАЛДЫ ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫНА ӘСЕРІ

Оңласбек Д. Д.

«Менеджмент» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті., Астана қ.,
Қазақстан Республикасы,
E-mail: onlasbekd@mail.ru

Нуртай Э. С.

«Менеджмент» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті., Астана қ.,
Қазақстан Республикасы,
E-mail: edikoskr@gmail.com

Аңдатпа. Мақала радикалды инновациялардың экономикалық дамуға, ұлттық және жаһандық деңгейде әсерін зерттейді. Жылдам өзгеріп жатқан экономика мен өсіп келе жатқан бәсекелестік жағдайында инновациялар өсудің негізгі күші болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі радикалды инновациялардың ұйымдардың қаржылық тұрақтылығына және корпоративтік стратегияларына әсерін түсінудің қажеттілігімен түсіндіріледі.

Зерттеу барысында компаниялар арасында сауалнама жүргізілді, бұл әртүрлі ұйымдардағы радикалды инновацияларды қабылдау және енгізу туралы мәліметтер жинауға мүмкіндік берді. Арнайы назар инновациялық стратегиялардың қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөліне және “инновациялық амбассадор” концепциясына аударылады. Жиналған деректерді талдау радикалды инновацияларды сәтті енгізуге ықпал ететін үздік тәжірибелер мен стратегияларды анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудің нәтижелері радикалды инновацияларды енгізудегі мәселелерді шешуге бағытталған ұсыныс береді.

Аннотация. В статье исследуется влияние радикальных инноваций на экономическое развитие на национальном и глобальном уровнях. В условиях быстро меняющейся экономики и растущей конкуренции инновации являются ключевой силой роста. Актуальность исследования объясняется необходимостью понимания влияния радикальных инноваций на финансовую устойчивость организаций и корпоративные стратегии. В ходе исследования был проведен опрос компаний, который позволил собрать данные о принятии и внедрении радикальных инноваций в различных организациях. Особое внимание уделяется роли инновационных стратегий в обеспечении финансовой стабильности и концепции “инновационного амбассадора”. Анализ собранных данных позволяет выявить лучшие практики и стратегии, способствующие успешному внедрению радикальных инноваций. Результаты исследования дают рекомендацию, направленную на решение проблем при внедрении радикальных инноваций.

Annotation. The article examines the impact of radical innovations on economic development at the national and global levels. In a rapidly changing economy and growing competition, innovation is a key force for growth. The relevance of the study is explained by the need to understand the impact of radical innovations on the financial stability of organizations and corporate strategies. During the study, a survey of companies was conducted, which allowed us to collect data on the adoption and implementation of radical innovations in various organizations. Special attention is paid to the role of innovative strategies in ensuring financial stability and the concept of an “innovative ambassador”. The analysis of the collected data allows us to identify the best practices and strategies that contribute to the successful implementation of radical innovations. The results of the study provide a

recommendation aimed at solving problems when introducing radical innovations.

Кілт сөздер: радикалды инновациялар, экономикалық даму, қаржылық тұрақтылық, инновациялық амбассадор, жасанды интеллект.

Қазіргі әлемде технологиялық өзгерістер мен жаһандық экономикалық тұрақсыздық жағдайында радикалды инновациялардың рөлі өзіміз көріп отырғандай барған сайын маңызды бола түсуде. Радикалды инновациялар тек процестерді жеңілдетіп қана қоймай, жалпы нарықтың құрылымын, әрі ережесін өзгертуге қабілетті. Сонымен қатар, компаниялар үшін де жаңа мүмкіндіктермен қоса, қауіп-қатерлер де туындайды. Осы «инновация» термині ұзақ тарихқа ие, оның даму эволюциясы ойлардың өзгеруімен тығыз байланысты. Әйгілі австриялық экономист Йозеф Шумпетер XX ғасырдың басында «креативті жою» теориясын ұсынды, онда ол экономикалық дамудың негізгі бір қозғаушы күші ретінде инновацияларды сипаттаған болатын. Оның пайымдауынша, инновациялар бұрынғы технологиялар мен нарық құрылымдарын бұзу арқылы экономикалық жүйені жаңартып отырады. Шумпетердің ұсынған концепциясы радикалды инновациялардың негізін қалаушы түсінік ретінде қалыптасады. [1]

Зерттеуіміз бойынша авторлар радикалды инновацияларды технологиялық жаңалықтармен байланыстырады және «нарық пен фирмалардың қызметтеріне айтарлықтай ықпал ететін жаңалықтар» секілді инновацияларды сипаттайды. [2] Олар «мұндай инновациялар нарық құрылымын өзгертуге немесе жаңа нарықтарды қалыптастыруға қабілетті» деп атап өтеді. Ал тағы бір анықтама бойынша, «радикалды инновация – бұл фирмалардың ұйымдастырушылық мінез-құлқын, тұтынушылардың әдеттерін түбегейлі өзгерте алатын жаңа өнім, процесс, қызмет және нарықтардың құрылымы», яғни тұжырымдаманың мәнін сипаттамалары арқылы түсіндіреді (радикалды – түбегейлі). [3]

Радикалды инновациялардың экономикалық даму мен өсуге ықпал етуін біз ұлттық және жаһандық деңгейде қарастырдық. Ұлттық деңгейге өндіріс құрылымдарының өзгеруі, жаңа жұмыс орындарының қалыптасуы, экспорттық мүмкіндіктердің кеңеюі секілді ықпал етуін қарастырсақ, ал жаһандық деңгейге фирмалардың жаңа бәсекелестік артықшылықтарға ие болуымен қатар, экономикадағы жаңа ойыншылар мен салалардың пайда болуын жатқызуға болады.

Радикалды инновациялар жоғарыда атағандай экономикалық дамуға ғана әсерін тигізіп қана қоймай, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қаржылық тұрақтылық пен қаржылық қауіпсіздік арасында тығыз байланыс бар, өйткені екеуі де экономиканың немесе қаржы институтының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Инновациялар жаңа кіріс көздерін, капитал айналымын және нарықтық құндылықты қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Инновациялар, әсіресе радикалды сипаттағы жаңалықтар, қаржылық және экономикалық тәуекелдерді туындатуы мүмкін. Мысалы, жаңа технологияларға инвестициялау тәуекелі жоғары болуы мүмкін, себебі олар сәтсіздікке ұшыраса, қаржы институттарына шығын әкеледі. Осыған орай, экономикалық тәуекелдерге қарсы қорғау стратегиялары әзірленеді, олар қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтауға көмектеседі. Жалпы стратегияларды талқыламас бұрын, қаржылық тұрақтылық пен тәуекелдерді бағалау жолдарына тоқталсақ.

Жаңа классикалық (Роберт Лукас, Томас Сарджент) және жаңа кейнсиандық мектеп өкілдері (Майкл Вудфорд, Ларс Хансен) дамытқан DSGE (Dynamic Stochastic General Equilibrium) моделі экономикалық жүйенің уақыт бойынша динамикасын, күтулерді және кездейсоқ шоктарды ескере отырып, макроэкономикалық көрсеткіштерді бағалау үшін пайдаланылады. [4]

Қаржылық тұрақтылық пен тәуекелдерді бағалау жолдарының келесі түрлері бұл жүйелік және краудсорсингтік әдістер. Жүйелік әдістер тәуекелдерді басқару үшін кешенді тәсілдер мен аналитикалық құралдарды қолданады, бұл қаржы институттары арасындағы ықтимал дағдарыстарды болжауға мүмкіндік береді. Ал краудсорсингтік әдістер азаматтардың, сарапшылардың немесе мамандардың кең көлемдегі пікірлері мен деректерін жинау арқылы тәуекелдерді бағалауға негізделген.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қолданылатын инновациялық стратегиялардың бірнеше нақты түрлері бар:

1. Финтех шешімдерін енгізу. Қаржы технологияларын (финтех) қолдану арқылы қаржы операцияларын автоматтандыру және оңтайландыру. Мысалы, мобильді банкинг, блокчейн технологиялары, сандық төлемдер мен онлайн қаржы платформалары арқылы клиенттерге қызмет көрсетуді жақсарту және операциялық шығындарды төмендету.

2. Реттеуші технологиялар (регтех). Регтех қаржы мекемелеріне регулятивтік талаптарға сай болуға көмектесетін технологиялар жиынтығы. Бұл жүйелер арқылы тәуекелдер мен сәйкестік мәселелерін жылдам анықтап, алдын алу шараларын қабылдау жеңілдейді. Мысалы, деректерді талдау және жасанды интеллект арқылы алаяқтықтың алдын алу.

3. Жасанды интеллект және машиналық оқыту. Жасанды интеллект (AI) пен машиналық оқыту (ML) алгоритмдері арқылы тәуекелдерді болжау және басқару. Бұл технологиялар үлкен көлемдегі деректерді өңдеу арқылы нарықтағы өзгерістерді, клиенттердің мінез-құлықтарын талдайды, сондай-ақ несиелік тәуекелдерді төмендетуге көмектеседі.

4. Блокчейн және смарт-келісімдер. Блокчейн технологиясы және смарт-келісімдер арқылы қаржылық операциялардың ашықтығын, қауіпсіздігін және тиімділігін арттыру. Бұл технологиялардың көмегімен транзакциялар жылдамдатылады, делдалдардың қажеттілігі азаяды, және алаяқтық деңгейі төмендейді.

5. Киберқауіпсіздік шараларын күшейту. Сандық жүйелердің дамуына байланысты киберқауіптер де артып келеді. Қаржы мекемелері киберқауіпсіздік стратегияларын күшейтіп, инновациялық құралдар арқылы қауіптерді анықтайтын, алдын алатын және жоятын жүйелерді енгізуде. Мысалы, деректерді шифрлау, көпфакторлық аутентификация, алаяқтық әрекеттерді болдырмауға арналған мониторинг жүйелері.

Қаржылық тұрақтылықтың тағы бір реттеу жолының түрі корпоративтік басқару, ол стратегиялық инновациялар процестерін тиімді үйлестіруге және бақылауға мүмкіндік береді. Корпоративтік басқарудың негізгі принциптері – ашықтық, жауапкершілік, әділдік. Бұл компанияның радикалды инновацияларды қолдана отырып, ұзақ мерзімді өсуін қамтамасыз етеді. Ашықтық инновациялармен үйлескенде, қызметкерлер мен мүдделі тараптардың жаңа идеяларды қолдауына ықпал етеді.

Радикалды инновациялар жағдайында дәстүрлі басқару тәсілдері тиімсіз болуы мүмкін, сондықтан ұйымдар жаңа басқару әдістерін қолдана бастайды. Сол әдістерге тоқталсам: ептілік тәсілі (the agile methodology) жылдам өзгерістерге икемделіп, топтың автономиясын күшейтеді; scrum тәсілі команданың қысқа мерзімде мақсаттарға жету үшін қызметтерді тиімді ұйымдастыруға көмектеседі; кейс-менеджмент тәсілі нақты жобаларға назар аударуға мүмкіндік беріп, нәтижелерге бағытталған жұмыс процесін ұйымдастырады. [5]

Зерттеу барысында кәсіпкерлер арасында сауалнама жүргізген болатынбыз, сол арқылы радикалды инновацияларды енгізу барысында көп, тіпті үлкен ірі компанияларда осы мәселенің туындайтынын анықтадық, яғни әлі күнге дейінгі шешілмеген мәселелердің бірі бұл пәнаралық командаларды басқарудағы қиындықтар. Радикалды инновациялар көбінесе әр түрлі саладағы мамандардан тұратын пәнаралық топтардың жұмысын талап етеді. Алайда, мұндай жұмыс мамандар арасындағы тілдің, тәсілдердің және жұмыс әдістерінің айырмашылығына байланысты қиын болуы мүмкін. Бұл түсінбеушілікке, қақтығыстарға және нәтижесінде инновациялық процестердің тиімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Мәселенің шешімі ретінде пәнаралық топтарды басқару парадигмасын өзгертуге және олардың тиімділігін арттыруға қабілетті әдістемелік тәсіл ретінде жаңа тұжырымдама — "инновациялық амбассадор" ұсынамыз. Бұл әдістемелік тәсіл өз пәніне терең интеграцияланған маман тағайындауды көздейді, ол екі жақты рөл атқарады — сарапшы және делдал. "Амбассадор" өз пәнін командада ұсынады, бірақ сонымен бірге "аудармашы" және мәдени көпір болу үшін басқа пәндердің негіздері бойынша арнайы дайындықтан өтеді. ИА моделі бес негізгі компоненттен тұрады:

1. Амбассадорларды таңдау және дайындау: дамыған коммуникативті дағдылары мен

жоғары ойлау икемділігі бар мамандар амбассадорларға айналады. Олар өз командасы өзара әрекеттесетін басқа пәндердің негіздері бойынша оқытылады.

2. Командалық үйлестіруді қолдау: амбассадор өзінің кәсіби рөлін атқарып қана қоймайды, сонымен қатар әріптестеріне тәртіптің мақсаттары мен тәсілдерін түсіндіре отырып, команда ішіндегі өзара түсіністікті жеңілдетеді.

3. Мәдени бірлікті қалыптастыру: пәнаралық кедергілерді еңсеруге бағытталған кездесулерді ұйымдастырады және қадағалайды, осылайша бірыңғай терминологиялық база мен ортақ тіл жасайды.

4. Аналитикалық функция: амбассадор пәндер арасындағы қиылыстар мен коммуникациядағы типтік мәселелер туралы есептер шығарады, содан кейін оларды болашақта өзара әрекеттесуді жақсарту үшін пайдалануға болады.

5. "Амбассадорлардың кездесулерін" әзірлеу: кездесулеріне арналған платформа прогресті талқылауға, ең жақсы тәжірибелермен бөлісуге және ықтимал кедергілерді жою үшін жаңа шешімдер жасауға мүмкіндік береді.

Инновациялық амбассадор ретінде адам да, жасанды интеллект (AI) немесе тіпті екеуінің тіркесімі де бола алады. Адам командадағы көңіл күйге бейімделе алады, эмоционалды кедергілерді анықтай алады және белгілі бір жағдайларға байланысты өзара әрекеттесуді реттей алады. Амбассадор ретіндегі AI пәндер арасындағы өзара әрекеттесудің жалпы терминдері мен стандарттарын анықтай отырып, деректердің үлкен көлемін өңдей алады. Мұндай жасанды интеллект терминдерді автоматты түрде аударып алады, оқу материалдарын жасай алады, әдеттегі түсініспеушіліктерді бақылай алады және шешімдер ұсына алады. Сонымен қатар материалдарға жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, кез келген сұраныс бойынша жаңартылған ақпаратты береді.

Ең перспективалы стратегия-бұл адам мен жасанды интеллект амбассадор ретінде бірге жұмыс істейтін аралас тәсіл. Адам дәлірек және ақпараттандырылған шешімдер қабылдау үшін AI ұсынған аналитиканы пайдаланады, ал AI нақты деректерді беру және ақпаратты нақты уақыт режимінде өңдеу арқылы адамға қолдау көрсетеді.

Осы әдістемелік тәсілді ЖШС «QADAM CONSULTING» компаниясында әртүрлі тәсілдермен сынап көрдік, адам мен жасанды интеллектті бөлек қолдануға тырыстық. Алайда, жеке алғанда, бұл тәсілдердің тиімділігі төмен болды. Тек адам ғана амбассадор болған кезде, команданың өзара әрекеттесуін жақсартуға қол жеткізілді, бірақ ақпаратты өңдеу жылдамдығы мен деректер көлемі шектеулі болып қалды. Сол сияқты, тек AI-ді қолдану кезінде деректерді өңдеудің жоғары дәлдігіне қол жеткізілді, бірақ эмоционалды факторлар мен мәдени ерекшеліктерді ескеру үшін икемділік пен түйсігі жетіспеді. Осы эксперименттерден кейін біз адам мен жасанды интеллект бірге жұмыс істейтін перспективалы стратегияны енгізу арқылы екі рөлді де біріктіруді шештік. Бұл тәсіл ең жоғары тиімділікті көрсетті: команданың өнімділігі 37% - ға өсті, тапсырмаларды сәйкестендіру 45% - ға жеделдеді және қызметкерлердің қанағаттануы 50% - ға өсті. Бұл стратегия адамның интеллектісі мен AI үйлесімі өзара түсіністікті жақсартып қана қоймай, қателерді 28% - ға азайтып, компанияда тұрақты инновацияларға жағдай жасайтынын дәлелдеді.

Сонымен қоса, бұл стратегияны енгізу компанияның қаржылық көрсеткіштеріне оң әсерін тигізді. Жақсартылған коммуникация және күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру операциялық шығындарды 22% - ға қысқартуға және жобалардың орындалу жылдамдығын 30% - ға арттыруға мүмкіндік берді, бұл кірістің өсуіне әкелді. Оқу шығындары 18% - ға төмендеді, өйткені жасанды интеллект қызметкерлердің тез бейімделуін қамтамасыз етті. Сонымен қатар, клиенттердің қанағаттануы 40% - ға өсті, бұл компанияның беделін нығайтты және жаңа клиенттерді тартты.

Қорытындылай келе, радикалды инновациялар компаниялардың дамуы мен нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін маңызды болғанымен, оларды енгізу және басқару күрделі процесс. Қаржылық қауіпсіздік пен корпоративтік басқару стратегияларына радикалды инновациялардың айтарлықтай әсер ететіндігін өз зерттеулерімізде көре білдік. Олар

компанияларға нарықта бәсекеге қабілетті болуға және тұтынушылардың жаңа қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік берсе де, жоғары тәуекелдер мен қаржылық тұрақсыздық қаупін туғызады. Қаржылық қауіпсіздікке қатысты радикалды инновациялар қаржыландыру қажеттілігін арттырады және компанияларды жаңа инвестициялар тартуға итермелейді. Сонымен қатар, корпоративтік басқару жүйесінде икемділік пен жедел шешім қабылдау қажеттілігі пайда болады, бұл басқарушылық құрылымның өзгеруін талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Йозеф Шумпетер. "Капитализм, социализм и демократия", Глава седьмая. Процесс "созидательного разрушения". – М.: Экономика, 1995. – 71 с. (Переводчик: Соловьев Эдуард Геннадьевич, Семененко Ирина Станиславовна, Осадчая Ирина Михайловна, Громова Л. А., Автономов Владимир Сергеевич, Николаенко Е. И., Козлова К. Б.)
2. Захарова А. И. Маркетинг инноваций: определение и характерные особенности функций / А. И. Захарова, С. А. Сомоволева // Друкеровский вестник. 2018. № 5 (25). 140-150 с.
3. Coccia M. Radical innovations as drivers of breakthroughs: characteristics and properties of the management of technology leading to superior organisational performance in the discovery process of R&D labs // Technology Analysis & Strategic Management. 2016. Vol. 28. №4. 381-395 p.
4. McCandless G. The ABCs of RBCs: An Introduction to Dynamic Macroeconomic Models (англ.). — Harvard University Press, 2008. — 448 p.
5. Майк Кон. Scrum: гибкая разработка ПО Succeeding with Agile: Software Development Using Scrum (Addison-Wesley Signature Series). — М.: «Вильямс», 2011. — 576 с.

УДК (336.027)

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СТРАТЕГИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ УПРАВЛЕНИЯ ФИНАНСАМИ

Тажибаяев А. А.

*Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова
Актобе, Республика Казахстан*

Научный руководитель Ажаипова И. Ш.

*магистр экономических наук, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова
Актобе, Республика Казахстан
e-mail: tazhibayev.asset@mail.ru*

Аннотация: Мақалада Қазақстан Республикасындағы қаржылық менеджменттің өзекті мәселелері және елдегі қаржы менеджменті дамуының әлеуетті тенденциялары сипатталған. Қазақстанның қаржылық жағдайына сыртқы факторлардың, оның ішінде әлемдік нарық пен халықаралық сауданың құбылмалылығының әсері ескерілген. Талданған негізгі мәселелерге валюталық реттеу, фискалдық саясатты түзету және қаржы секторын реформалау жатады. Экономиканы әртараптандыруды жетілдіру, қаржы институттарын нығайту және нормативтік-құқықтық базаны дамыту экономикалық өсу мен мемлекет экономикасының шығындарын оңтайландырудың стандартты шаралары болып табылады.

Негізгі сөздер: ұлттық валюта, мемлекеттік қаржы, қаржылық менеджмент, мемлекеттік басқару, реформалар.

Аннотация: В статье были описаны текущие проблемы финансового управления в Республике Казахстан и потенциальные тенденции развития финансового менеджмента в